Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы «28» тамыздағы №142
Шарттың № 7 қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша**
**қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Қазақстан Жазушылар Одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Кулькенов Мереке
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 105-үй
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): «Фаризаның ақын сіңлілері»
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 2024 жылдың «02» қыркүйек пен 2024 жылдың «29» қараша аралығы.
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 9 400 000 (тоғыз миллион төрт жүз мың) теңге

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

*Гранттық шарттың №3 қосымшасына (Жобаның толық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.*

**1-міндет. Фариза Оңғарсынованың жырларын, шығармашылық ғұмырын насихаттап жүрген елімізге белгілі 8 ақын қыздың Атыраулық жас қаламгерлермен жеке кездесуін және шеберлік сыныбын өткізуін ұйымдастыру**

1-іс-шара. Фариза Оңғарсынованың жырларын, шығармашылық ғұмырын насихаттап жүрген елімізге белгілі 8 ақын қыздың Атыраулық жас қаламгерлерге шеберлік сыныптарын өткізуді ұйымдастыру

20 қараша күні Атырау қаласындағы Х.Досмұхамедов атындағы университетте және С.Өтебаев атындағы университетте Фариза Оңғарсынованың жырлары мен шығармашылық ғұмырын насихаттауға арналған шеберлік сыныптары өтті. Аталған іс-шараға елімізге белгілі 8 ақын қыз: Оңайгүл Тұржан, Танагөз Толқынқызы, Жанат Әскербекқызы, Ғайни Әлімбекқызы, Эльмира Есқожаева, Жанайым Ауғанбай, Гүлманат Әуелхан және Бақытгүл Бабаш шақырылды. Шеберлік сыныптары барысында жас қаламгерлерге ақындық шеберліктің қыр-сыры үйретіліп, Фариза Оңғарсынованың шығармашылығының тәрбиелік және рухани мәні кеңінен талқыланды. Іс-шараға 100-ден астам жас қатысып, шығармашылық кездесуден ерекше әсер алды.

2-іс-шара. Атыраулық жас қаламгерлермен жеке кездесу ұйымдастыру.

20 қараша күні Атырау қаласындағы Х.Досмұхамедов атындағы университетте және С.Өтебаев атындағы университетте шеберлік сағаттармен қоса Фариза Оңғарсынованың шығармашылығын насихаттау мақсатында жастармен шығармашылық кездесулер ұйымдастырылды. Іс-шараға елімізге танымал 8 ақын қыз: Оңайгүл Тұржан, Танагөз Толқынқызы, Жанат Әскербекқызы, Ғайни Әлімбекқызы, Эльмира Есқожаева, Жанайым Ауғанбай, Гүлманат Әуелхан және Бақытгүл Бабаш қатысты. Кездесулер барысында ақындар жас қаламгерлермен тәжірибе алмасып, Фариза Оңғарсынованың жырларының тәрбиелік маңыздылығы мен рухани құндылықтарын талқылады. Бұл кездесулерге 100-ден астам жас қатысып, рухани шабыт алды.

**2-міндет. «Фаризаның ақын сіңлілері» атты қазақ ақын қыздардың поэзия кеші**

1-іс-шара. «Фаризаның ақын сіңлілері» атты театрландырылған музыкалық-поэтикалық қойылымында поэзия кешін өткізу

Атырау қаласында М.Асаубаева атындағы креативті орталықта «Фариза және ақын сіңлілері» атты Фариза Оңғарсынова шығармашылығын насихаттау мақсатында ерекше форматта ұйымдастырылған поэзия кеші өтті. Іс-шара бағдарламасы ақынның рухани мұрасын дәріптеуге, оның поэзиясын заманауи аудиторияға жақындата отырып, шығармашылық жаңа толқын өкілдерін қолдауға бағытталды. Кешке елімізге танымал ақын қыздар қатысып, тыңдармандарға кем дегенде 2 жаңа өлең туындыларын ұсынды. 16 жаңа өлең жарық көрді. Сонымен қатар, театрландырылған музыкалық композициялар мен ақын сөзіне жазылған әндерді жергілікті өнерпаздар орындады. Кеш барысында Фариза Оңғарсынованың шығармашылығы мен өмірінен сыр шертетін деректі бейнеролик көрсетіліп, оның құрметіне арналған «Фаризаның ақын сіңлілері» атты театрландырылған музыкалық-поэтикалық қойылым қойылды.

Іс-шараның ерекше бөлімі ретінде Фариза Оңғарсынованың фото және картиналар көрмесі, сондай-ақ кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл көрмелер ақынның шығармашылық әлеміне терең үңілуге мүмкіндік берді.

Поэзия кеші әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы кеңінен қамтылды. Instagram және Facebook желілерінде жарияланымдар жасалып, оқырмандар тарапынан жоғары қызығушылыққа ие болды. Кештен кейін мекеме тарапынан қатысушылар тізімі мен іс-шара туралы ресми анықтама дайындалды.

600-ден астам жас қаламгер мен шығармашылықты бағалайтын қауым поэзия кешінен рухани байлық алып, ерекше әсерге бөленді. Фото және бейне есептер іс-шараның мазмұнды әрі жоғары деңгейде өткенін көрсетті. Бұл кеш Фариза Оңғарсынованың өшпес мұрасын дәріптеуде маңызды қадам болып, жас ақындарға шабыт сыйлады. Ақпараттық қамту – 15 000 асты.

**3 міндет. Экскурсия ұйымдастыру**

**1-іс-шара. Атырау өңірінің бай тарихы мен көрнекті тұлғалары туралы мағлұмат беріп, аймақтағы туризмнің дамуына үлес қосу мақсатында экскурсия ұйымдастыру**

Атырау өңірінің бай тарихы мен көрнекті тұлғалары туралы мағлұмат беріп, аймақтағы туризмнің дамуына үлес қосу мақсатында танымдық экскурсия ұйымдастырылды.

Экскурсия барысында қатысушылар «Сарайшық» тарихи-мемориалдық мұражай кешеніне, Ф. Оңғарсынова музейіне, ұлы ақын Махамбет Өтемісұлының Индер ауданында орналасқан мазарына барып, өңірдің тарихи құндылықтарымен танысты. Экскурсияның мақсаты – қатысушыларға Атырау өңірінің киелі жерлерін таныстыру арқылы олардың рухани және патриоттық сезімдерін нығайту.

Іс-шараға елімізге танымал ақын қыздар мен жергілікті ақындар қатарынан барлығы 20 адам қатысты. Экскурсия барысында қатысушыларға өңір тарихы жайлы мол мағлұмат беріліп, мәдени және рухани байлықтың маңыздылығы кеңінен насихатталды.

Бұл танымдық шара ақындар арасында тәжірибе алмасуға, тарихи-мәдени мұраларды дәріптеуге және туризм саласын дамытуға бағытталған маңызды бастама ретінде жоғары деңгейде өтті.

**Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.** Жоба аясында өткізілген іс-шаралардың презентациясын әлеуметтік желілер мен БАҚ-та жариялау мақсатында таныстырылым конференция өткізілді.

**Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.** Жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс әлеуметтік желілірде, БАҚ аясына жоба бойынша 10 астам мәліметтер ұсынылып, жарық көрді. Жалпы ақпараттық қамту 185 000 асты.

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | |
|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | Жобаға республикаға танымал 8 ақын қыз қатысып, Ф.Оңғарсыноваға арналған 2 жаңа өлеңін оқиды. 16 жаңа өлең жарық көреді. Жоба шеңберінде әлеуметтік желілерде әдеби туындыларды тарату бойынша ақпараттық жұмыс жүргізу (ақпараттық қамту кемінде 11 000 көру).<br>– Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның Халық Жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың 85 жылдығына орай ақынның туған жерінде республикалық маңызы бар іс-шараны өткізе отырып, ақынның өлмес жырларын, азаматтық тұлғасын насихаттау. |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | – Фариза Оңғарсынованың жырларын, шығармашылық ғұмырын насихаттап жүрген елімізге белгілі 8 ақын қыз атыраулық жас қаламгерлермен кездесіп, шеберлік сыныптарын өткізеді (іс-шарада кемінде 50 қатысушыны қамту);<br>– Қазақтың белгілі ақын қыздары қатысқан поэзия кеші өткізіліп, кеште ақындар Ф.Оңғарсынованың өлеңдерін және ақынға арналған өлеңдерін оқиды. Жергілікті өнерпаздар ақын сөзіне жазылған әндерді орындайды (ақпараттық қамту кемінде 10 000 қаралым, қатысушылар саны кемінде 300 адам). |

| **Міндет** | **Міндет шеңберіндегі іс-шаралар** | **Өткізілу күні** | **Өткізілу орны** | **Қатысушылардың саны** | **(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер** | **Сандық және сапалық көрсеткіштер** | **Индикаторлар** | | **Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | **жоспар** | **факт** | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-міндет. Фариза Оңғарсынованың жырларын, шығармашылық ғұмырын насихаттап жүрген елімізге белгілі 8 ақын қыздың Атыраулық жас қаламгерлерге шеберлік сыныптарын өткізуді ұйымдастыру | Фариза Оңғарсынованың жырларын, шығармашылық ғұмырын насихаттап жүрген елімізге белгілі 8 ақын қыздың Атыраулық жас қаламгерлерге шеберлік сыныптарын өткізуді ұйымдастыру | 20 қараша | Х.Досмұхамедов атындағы университет С.Өтебаев атындағы мұнай-газ университеті | 100 | Атырау қаласындағы Х.Досмұхамедов және С.Өтебаев атындағы университеттерде «Фариза және ақын сіңлілері жобасы аясында студенттермен кездесулер ұйымдастырылды. | Шеберлік сынып<br><br>Бағдарлама (тапсырыс берушімен келісу арқылы)<br><br>Спикер ақын қыздар<br><br>Қатысушылар тізімі (аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы немесе поэзия кеші өткен мекемеден қатысушы саны туралы анықтама)<br><br>Әлеуметтік желіге жарияланым (Instagram / Facebook)<br><br>БАҚ-та жарияланым<br><br>Фото / видео есеп | **2**<br><br>**2**<br><br>**8**<br><br>**50**<br><br>**2/2**<br><br>**4**<br><br>**10/2** | **2**<br><br>**2**<br><br>**8**<br><br>**50/50**<br><br>**2/2**<br><br>**4**<br><br>**10/2** | - |
| | Атыраулық жас қаламгерлермен жеке кездесу ұйымдастыру | 20 қараша | Атырау қаласы Х.Досмұхамедов және С.Өтебаев атындағы университет | 100 | Атырау қаласындағы Х.Досмұхамедов және С.Өтебаев атындағы университеттерде «Фариза және ақын сіңлілері | Жеке кездесу<br><br>Кітап көрмесі<br><br>Бағдарлама | 2<br><br>2<br><br>2 | 2<br>2<br><br>2 | - |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жобасы аясында студенттермен кездесулер ұйымдастырылды | Қатысушылар тізімі (жас қаламгерлер) (аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы немесе поэзия кеші өткен мекемеден қатысушы саны туралы анықтама)<br><br>Спикер ақын қыздар<br><br>Әлеуметтік желіге жарияланым (Instagram / Facebook)<br><br>БАҚ-та жарияланым<br><br>Іс-шара өткендігі туралы анықтама (іс-шара өткен мекемеден алынады)<br><br>Фото / видео есеп | 50<br><br>8<br><br>2 / 2<br><br>3<br><br>2<br><br>10 / 2 | 50/50<br><br>8<br><br>2/2<br><br>3<br><br>2<br><br>10/2 | |
| **2 міндет.** «Фариза ның ақын | «Фаризаның ақын сіңлілері» атты театрланды рылған | 21 қараша | «Фаризаның ақын сіңлілері» атты театрланды рылған | 600 | - | Поэзия кеші<br><br>Бағдарлама (тапсырыс берушімен келісу арқылы) | 1<br><br>1 | 1<br>1 | - |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| сіңлілері» атты қазақ ақын қыздардың поэзия кеші | музыкалық - поэтикалық қойылымында поэзия кешін өткізу | | музыкалық - поэтикалық қойылымында поэзия кешін өткізу | | | Жүргізуші (түйіндеме) | 1 | 1 | |
| | | | | | | Поэзия кешіне қатысушы ақын қыздар | 8 | 8 | |
| | | | | | | Поэзия кешіне қатысушы ақын қыздардың жаңа өлең туындылары | 16 | 16 | |
| | | | | | | Ақын сөзіне жазылған әндерді орындайтын жергілікті өнерпаздар | 8 | 8 | |
| | | | | | | Театрландырылған музыкалық-компазиция | 1 | 1 | |
| | | | | | | Қатысушылар тізімі (аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы немесе поэзия кеші өткен мекемеден қатысушы саны мен құрамы туралы анықтама) | 300 | 600 | |
| | | | | | | Әлеуметтік желіге жарияланым | 2 / 2 | 2/2 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | (Instagram / Facebook)<br><br>БАҚ-та жарияланым<br><br>Ақпараттық қамту<br><br>Іс-шара өткендігі туралы анықтама (іс-шара өткен мекемеден алынады)<br><br>Фото / видео есеп<br><br>Ф. Оңғарсынованың фото және картиналар көрмесін ұйымдастыру<br><br>Кітап көрмесі<br><br>Ф. Оңғарсыноваға арналған өлең<br><br>Деректі бейне ролик | 3<br><br>11 000<br><br>1<br><br>20 / 2<br><br>1<br><br>1<br><br>2<br><br>1 | 3<br><br>15 000<br><br>1<br><br>20/2<br><br>1<br><br>1<br><br>2<br><br>1 | |
| 3-міндет. Атырау өңірінің бай тарихы мен көрнекті | Атырау өңірінің киелі жерлері «Сарайшық» тарихи - мемориалды | 20-21 қараша | Махамбет ауданы «Сарайшық» тарихи-мемориалдық мұражай кешені | 20 | - | Экскурсия<br>Гид<br>Фото есеп / бейнеролик<br>Махамбеттің | 1<br>1<br>20/1<br>1 | 1<br>1<br>20/1<br>1 | - |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| тұлғалары туралы мағлұмат беріп, аймақтағы туризмнің дамуына үлес қосу мақсатында экскурсия ұйымдастыру | қ мұражай кешеніне және М.Өтемісұлының Индер ауданында орналасқа мазарына экскурсия жасалды. Экскурсияға ақын қыздар мен жергілікті ақындар қатысты. | | Индер ауданы Қарой елді мекені М.Өтемісұлының мазары | | | мазарына гүл шоқтарын қою рәсімі<br>Әлеуметтік желіге жарияланым<br>Қатысушылар (ақындар мен арнайы қонақтардың аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы) | 3<br>20 | 3<br>20 | |
| Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы | Жоба аясында өткізілген іс-шаралардың презентациясын әлеуметтік желілер мен БАҚ-та жариялау | - | - | - | - | Таныстырылым | 1 | 1 | - |
| - | Жоба аясында «Атырау-ақпарат» медиахолдингінде | - | - | - | - | Медиахолдингінде баспасөз конференциясын ұйымдастыру | 1 | 1 | - |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | баспасөз конференциясын ұйымдастыру | | | | | | | | |
| Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс | Жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс | - | - | - | - | Әлеуметтік желіге жарияланым<br><br>Ақпараттық қамту<br><br>ПТС түсірілімі<br><br>БАҚ-та жарияланым | 1 дайджест<br><br>11 000<br><br>1<br><br>10 | 1 дайджест<br><br>15 000<br><br>1<br><br>10 | - |

**Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:**

________________________________________________

**Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

| | **Индикатор** | **Өлшем бірлігі** | **Жоспарланған деңгейі** | **Нақты деңгейі** |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тікелей бенефициарлардың саны | адам | 350 | 720 |
| 2. | Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен) | адам | 11000 | 11000 |
| 3. | Штаттық қызметкерлердің саны | адам | 5 | 5 |
| 4. | Тартылған мамандардың саны | адам | 5 | 5 |
| 5. | Қамтылған ҮЕҰ саны | ұйым | - | - |
| 6. | Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры | теңге | 1 250 000 | 1 250 000 |
| 7. | Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС) | теңге | 161 780 | 161 780 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8. | Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу) | теңге | 7 762 780 | 7 762 780 |
| 9. | Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар) | ұйым/адам | 2 | 2 |

**2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):**

– Жобаға республикаға танымал 8 ақын қыз қатысып, Ф.Оңғарсыноваға арналған 2 жаңа өлеңін оқыды. 16 жаңа өлең жарық көрді. Жоба шеңберінде әлеуметтік желілерде әдеби туындыларды тарату бойынша ақпараттық жұмыс жүргізді (ақпараттық қамту кемінде 15 000 көру).

– Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның Халық Жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың 85 жылдығына орай ақынның туған жерінде республикалық маңызы бар іс-шараны өткізе отырып, ақынның өлмес жырларын, азаматтық тұлғасын насихатталды.

**3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу** *(жобаға дейінгі ахуал мен жоба аяқталған кездегі жобалық жағдайды, жоба шеңберіндегі проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесін салыстыру):*

*«Жетістік тарихы» - бұл әлеуметтік жобаның қандай да бір нақты жағдайда (белгілі бір қызмет алушының өмірінде) қалай көмектескенінің қысқаша (5-8 сөйлем) мысалы;*

*Жетістік тарихын жарияланымдарда, сондай-ақ әлеуметтік жобаның нәтижелерін одан әрі ұзақ мерзімді бақылау үшін пайдалануға болады. Жетістіктің қысқаша тарихы келесі бөліктерді қамтуы керек: әлеуметтік жобаның басындағы жағдай; әлеуметтік жобаның жағдайға әсері әсер ету нәтижесі болып табылады.*

*Сондай-ақ, жетістік тарихында оның байланыс деректерін қоса отырып, белгілі бір қызмет алушының кері байланысы болғаны жөн.*

20 қараша күні Атырау қаласындағы Х.Досмұхамедов атындағы университетте және С.Өтебаев атындағы университетте Фариза Оңғарсынованың жырлары мен шығармашылық ғұмырын насихаттауға арналған шеберлік сыныптары мен кездесулер өтті. Аталған іс-шараға елімізге белгілі 8 ақын қыз: Оңайгүл Тұржан, Танагөз Толқынқызы, Жанат Әскербекқызы, Ғайни Әлімбекқызы, Эльмира Есқожаева, Жанайым Ауғанбай, Гүлманат Әуелхан және Бақытгүл Бабаш шақырылды. Шеберлік сыныптары барысында жас қаламгерлерге ақындық шеберліктің қыр-сыры үйретіліп, Фариза Оңғарсынованың шығармашылығының тәрбиелік және рухани мәні кеңінен талқыланды. Іс-шараға 200-ден астам жас қатысып, шығармашылық кездесуден ерекше әсер алды.

**4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):**

**Гендерлік көрсеткіш:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 720 | 350 | 370 |

**Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметкерлер | Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары | Мүгедектігі бар тұлғалар | Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 720 | - | 400 | 40 | 150 | - | 25 | - | 10 | 10 | 85 |

**Жас көрсеткіші:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және одан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 720 | - | 400 | 45 | 150 | 65 | 26 | 34 |

**5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:**

- *көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):*
    - Жобаға **республикаға танымал 8 ақын қыз** қатысты, олар **Фариза Оңғарсыноваға арналған 2 жаңа өлеңді** оқып, **16 жаңа өлең жарық көрді**.
    - Ақын қыздар мен жергілікті өнерпаздар **Ф.Оңғарсыноваға арналған өлеңдерді** оқып, оның сөзіне жазылған әндерді орындады.
    - Әлеуметтік желілерде **әдеби туындыларды тарату** бойынша жүргізілген ақпараттық жұмыс нәтижесінде **кемінде 15 000 көру** қамтамасыз етілді, бұл ақпараттық қамтуға қатысты жоғары көрсеткіш.
    - Фариза Оңғарсынова шығармашылығын насихаттауға бағытталған **8 ақын қыздың атыраулық жас қаламгерлермен кездесуі** мен шеберлік сыныптары өткізілді, бұл шараға **кемінде 50 қатысушы** қатысты.
    - **Поэзия кеші** өткізіліп, кеште **600 адам** қатысты және **кемінде 15 000 қаралым** қамтамасыз етілді.
    - **Фариза Оңғарсынованың 85 жылдығына орай** ақынның туған жерінде ұйымдастырылған іс-шаралар оның шығармашылық ғұмырын, азаматтық тұлғасын кеңінен насихаттауға мүмкіндік берді.

Бұл нәтижелердің сапалық және сандық көрсеткіштері жобаның жоғары әсерін және қоғамдағы танымалдылығын көрсетті, әсіресе жас ақындар мен әдебиетке қызығушылық танытқан жастар арасында.

- *жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):*

*Жоба аясында шешілген басты мәселе –* ***қоғамдағы жас ақындар мен әдебиетке қызығушылық танытқан жастарды қолдау, қазақ поэзиясының дамуына үлес қосу, және Фариза Оңғарсынова сияқты көрнекті ақындардың шығармашылығын насихаттау****. Бұл бағытта жобаның ұзақ мерзімді әсері мыналардан көрінеді:*

***1. Әдебиетке қызығушылықты арттыру және жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту:***

- *Жоба барысында жастарға арналған шеберлік сыныптары мен поэзия кештері ұйымдастырылды, бұл олардың шығармашылық әлеуетін арттыруға мүмкіндік берді.*
- *Жастар арасындағы әдебиетке деген қызығушылықтың өсуі, ақындар мен жас қаламгерлер арасында тәжірибе алмасу олардың шығармашылығын одан әрі дамытуға ықпал етеді.*

***2. Қазақ әдебиетінің насихатталуы және мәдени мұраның сақталуы:***

- *Фариза Оңғарсынова шығармашылығын кеңінен насихаттау оның өлеңдерінің жаңаша түсінілуіне, бүгінгі жастар арасында танымал болуына ықпал етеді.*
- *Оңғарсынованың шығармаларын насихаттау арқылы қазақ поэзиясының бай мұрасы сақталып, оның маңыздылығы халықтың әртүрлі топтары арасында түсінікті әрі қолжетімді болады.*

***3. Әлеуметтік желілер мен ақпараттық кеңістікте мәдениет пен әдебиеттің дәріптелуі:***

- *Әлеуметтік желілерде жүргізілген ақпараттық жұмыс нәтижесінде әдеби туындылардың таралу ауқымы кеңейіп, ақындардың шығармаларына деген қызығушылық артады.*
- *Осы арқылы әлеуметтік желілерде жас әдебиетшілер мен ақындар өз туындыларын таныстыруға мүмкіндік алады, ал қоғамның мәдени деңгейі жоғарылайды.*

***4. Мәдени және әлеуметтік бірлік:***

- *Жоба аясында өткізілген іс-шаралар мен форумдар жергілікті қоғамдастықтардың бірлігін арттырып, жастар мен қоғам өкілдері арасында ынтымақтастықты күшейтеді.*
- *Әдебиетке негізделген іс-шаралар жастардың рухани дамуына ықпал етеді, қоғамдағы моральдық және мәдени құндылықтарды нығайтады.*

*әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы:*

Фариза Оңғарсынованың 85 жылдығына орай ақынның туған жерінде ұйымдастырылған республикалық іс-шара оның шығармашылығын, азаматтық тұлғасын және мәңгілік мұрасын насихаттауға зор үлес қосты. Іс-шара аясында ақынның шығармалары мен өмірі жастарға үлгі ретінде ұсынылды, бұл өз кезегінде әлеуметтік бағдарламаның ұзақ мерзімді әсерін қамтамасыз етті.

Жобаның тұрақтылығы оның жоғары деңгейдегі ақпараттық қамтылуында, қатысушылардың шығармашылығын насихаттауда және жас ұрпаққа рухани тәрбие беру мақсатында жүргізілген жұмыстарда көрініс табады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер арқылы кеңінен тараған әдеби туындылар мен мәдени іс-шаралар жобаның қоғамға әсерін арттырып, болашақта да жалғасын табатынын көрсетеді.

- *іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:_*

Фариза Оңғарсынованың 85 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шараның әлеуметтік-экономикалық әсері айтарлықтай болды. Біріншіден, жобаның мәдени және рухани маңызы зор. Ақынның шығармашылығы мен тұлғасын насихаттау арқылы жастарға патриоттық тәрбие берілді, ұлттық әдебиетке деген қызығушылықты арттырды. Бұл өз кезегінде қоғамдағы мәдени және рухани құндылықтарды сақтап, дамытуға ықпал етті.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, жоба аясында ақындар мен жазушылар арасындағы шығармашылық байланыстар нығайып, мәдени диалог кеңейді. Сонымен қатар, жастар арасында әдебиеттің маңызы туралы түсінік қалыптасты, бұл олардың өз шығармашылығын дамытуға ынталандырды.

Экономикалық тұрғыдан жобаның әсері аймақтық туризмді дамытуға да оң ықпалын тигізді. Сарайшық, Махамбет Өтемісұлының мазары сияқты тарихи орындарға экскурсиялар ұйымдастырылып, жергілікті туризм инфрақұрылымына қызығушылық артты. Бұл өз кезегінде аймақтың экономикалық дамуына, жергілікті кәсіпкерлер мен туризм қызметтерінің табысын арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілер арқылы таралған әдеби туындылар мен мәдени іс-шаралар аймақтың және елдің имиджін нығайтып, республикалық деңгейде назар аударуды қамтамасыз етті. Бұл жобаның ұзақ мерзімді әлеуметтік және экономикалық пайдасын арттырды.

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?**

**<u>Әлеуметтік жобаның серіктестері</u>**
Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

| Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ | Жоюадағы рөлі | Ұйымның, серіктестің байланыстары | Ескерту |
|---|---|---|---|
| – «Казахский ПЕН-клуб»; | | Ғабдуллин Бигелді 8-777-740-59-01 | |
| – М.О. Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер институты». | | Матыжанов Кенжехан 8-701-726-55-90 | |

**Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:**

| № | Мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты | Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Грант түрі | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

**Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша <u>нақты практикалық ұсынымдарды</u> көрсетіңіз.**

| Мемлектетік органдар | Ұсынымдар | Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні *(қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)* |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

**Есеп беттерінің жалпы саны: ___________________**

___________________/_____________/____________________

**Грант алушы: «Қазақстан Жазушылар Одағы РҚБ-нің Төрағасы**

____________________**М.Кулькенов**

Толтыру күні ____________

Мөрдің орны